**"Концессиялар туралы» және»Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" »Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 28 шілдедегі N 216-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Концессиялар туралы»және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі заңдарын (бұдан әрі - заңдар) іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде заңдарды іске асыруға тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы»22»шілдедегі
N 216-ө өкімімен
бекітілген

**"Концессиялар туралы"»және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

*Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.11.10. N* 319 *өкімімен.*

| **Р/с N №** | **Нормативтік құқықтық кесімнің атауы** | **Кесімнің нысаны** | **Орындауға жауапты мемлекеттік орган** | **Орындау мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1. | Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 2. | Концессияның жасалған шарттарының және берілген мемлекеттік кепілдіктер | | Қаржымині | 2006 жылғы қыркүйек |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мен мемлекет кепілгерлігінің тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | | |
| 3. | Концессияға берілуі мүмкін объектілер бойынша ұсыныстар беру, оларды қарау және іріктеу мен объектілерді концессияға беру жөнінде конкурс өткізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 4. | Экономиканың түрлі салаларындағы концессияның үлгі шарттарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині, ( жинақтау), ЭМРМ, ККМ, ИСМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 5. | Концессияны іске асыру жобаларына өлшемдерді бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 6. | Республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөнінде комиссия құру және ол туралы ережені бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 7. | Орта мерзімді кезеңге арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 8. | Концессия мәселелері бойынша маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ | 2006 жылғы қыркүйек |
| 9. | Мемлекеттік қолдаудың құнын бағалаудың әдістемесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | Қаржымині | 2006 жылғы қыркүйек |
| 10. | Ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жүріп тұру үшін алым ставка-ларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2006 жылғы желтоқсан |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК